

өрістеуі, қорытынды бөлімнен тұрады [7, б. 101]. Екі ескерткіштің үндестігі мен сабақтастығы айқын. Ондағы жолдар бір мақсат пен мүддені көздеген ел басшылары жайлы және бір заманның, бір тарихи формацияның ішіндегі оқиғалар жайлы ақпарат береді.

Қорытындылай айтар болсақ, бұл жазба ескерткіштердегі жырлар тарихи фактілер тізбегі ғана емес, ежелден еркіндік аңсаған түркі халқының бақытты өмір жайындағы арман-қиялын, тәуелсіздік үшін сан ғасырлар бойы жүргізіп келген ерлік күресін, кескілескен шайқастарда қол бастаған хас батырларын жыр еткен батырлық эпосының алғашқы үлгілері деп таныған жөн сияқты. Мәңгілік бабалар өсиетін оқып, танып өскен жас ұрпақ өз елінің шынайы патриоты болары анық. Тәуелсіздік, елдік, ел ынтымағы идеялары негіз болған осы ескерткіштер қазақ үшін ерекше қасиетті, маңызы аса жоғары. Бірақ бұл жырлар біздің тарих үшін ең көне жазба ескерткіш, жыр үлгілері емес, бұдан да ертерегі, көнесі бар екенін ескеруіміз қажет. Сондықтан оны насихаттау басқа мәдени мұраларымызды насихаттаумен тең дәрежеде жүргізілуі қажет. Тек ғылыми әдебиеттер немесе оқулықтар беттерінде емес, баспасөз беттерінде, радио және телебағдарламаларда халыққа кеңінен танылса - бұл патриоттық тәрбиенің негізгі құралы болар еді. Бұл тарихи ескерткіштің VIII ғасырда жазылғанын ескерсек, тарихымыздың қаншалықты терең, қаншалықты бай екендігін айғақтайтыны анық.

Қазақ елінің тарихы тереңде жатыр. Бүгінгі күндегі ұлт мұраты, халық мақсаты болатын идеялар өзге елдердің ұстанымдарынан емес, өзіміздің тарихи негізімізден шығуы тиіс. Дәл осы үрдістің бастамасы бүгінгі күндегі «Мәңгілік Ел» идеясы болып табылады. Идеяның тарихи түп негізін білу, оны халыққа, әсіресе жас ұрпақ арасына жеткізу қоғам үшін аса маңызды. Өз ұлтын сүйетін шынайы азаматтар қазақ тарихының тереңіндегі сырларды біліп, өз ұлтының құнарлы рухани қазынасынан сусындап өсуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жолдасбеков М. Камни заговорили, - Алматы: Атамұра, 2007.- 38 бет.
2. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т 2. Ред Тасмағамбетов И. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.- 59 бет.
3. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары, - Астана: Күлтегін, 2003.- 148-150 беттер.
4. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Ред. Курманғалиева К. Алматы: Мектеп, 1967.- 30 бет.
5. Әдеби жәдігерлер. Т 1. Ред Қорабай С. Алматы: Таймас, 2007.- 170 бет.
6. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері, - Алматы: Мектеп, 1985.- 78 бет.
7. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби ескерткіштер, - Алматы: Алатау, 2003.- 101 бет.

«Ата – баба аңсаған Мәңгілік Ел!»

Хуан Т., Жұманова А.З.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ., Қарағанды қ.

Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан-ғайыр алқап көшпелі қазақ жұртының бағзыдан бері ірге тепкен ата-қонысы. Ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы талатын осынау кең даланы біздің ата-бабамыз ғасырлар бойы ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қорғап келді. Осы байтақ жерді мекен еткен халықтың жарқын болашағына бастар жол, тамыры тайпалардан, бертін келе түрік атты ұштасқан ұғыммен бастау алған. Жалпы көне тарихқа көз жүгіртетін болсақ қазақ халқы ерте заманнан қоныстанған және билік жүргізген өңірде сақтардан, ғұндардан, түріктерден қалған аса құнды мұралардың және ескерткіштердің иесі екені жұртқа аян. «Мәңгілік ел» идеясы да осы жерден бастау алады. Бұл идеяны 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауында жария етуі тарих сахнасында өшпес

іздерін қалдырған арғы ата – бабаларымыздың аңсаған арман – мұраттарының жүзеге асырылуы деп білемін.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Нұрлы жол – болашаққа бастар жол атты халыққа жолдауында ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы деп Мәңгілік ел идеясының түп – төркінін өскелең ұрпаққа тарихи тұрғыда бастау алуымен насихаттап айшықтады.

«Қазақ елі» немесе «Мәңгілік Ел» идеясының мәні қандай? Бұл идеяның арғы қайнары Иоллығтегін қаған тасқа қашап жаздырған «Тұтас түрік елі» идеясынан бастау алады.

«Мәңгілік Ел» идеясының негізі – бұл біздің Қазақстан халқы ұрпақтарының алдындағы жауапкершілік, әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына ену мәртебесі белгіленген және бұйырған лайықты және ұлы Қазақстанды дамытудағы біздің стратегиямыз деп Мемлекет басшының ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында айтылған болатын.

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тонкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді.

Ел тағдырының мәні азаттықтыққа қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекеттілікті сақтау болса, осы жолда қаншама алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрес жолын жалғастырды. Кешегі кеңестік кезеңде де ғасырларға созылған тарихы бар қазақ елін жоққа шығаруға бағытталған әрекеттерге тойтарыс беріліп, «қазақ жері» деген ұғымның сақталып қалу жолында ерен еңбектер атқарылды.

Қазақ халқының тарихында ғұндардан бастау алатын «Мәңгілік ел» идеясын тасқа қашалған Орхон-Енисей жазбаларынан бастап қайда барса көрге кезіккен Қорқыт ата мен өмір бойы жерұйықты іздеп өткен Асан қайғы бабамыздан кездестіруге болады. Олардың әрекеттерінің негізінде де осы мәңгілік ел болуға ұмтылған, мәңгілік елді орнатуға деген құштарлық жатты. Асан қайғы - елдің ертенінің жарқын, еркіндігі мен бақытының баянды болғанын армандап, қазақ жерінің түкпір-түкпірін аралап, жайлы қоныс табудың жолын іздеген данышпан. Оның аңсағаны елді орнықтыратын жайлы мекен тауып, елдің мәңгілігін жаңғырту еді. Оның іздеген жерұйығының мәні халқы тәуелсіздік құндылығын ұлықтайтын, ел-жұрты бейбіт өмір сүретін, адамгершілік пен бауырластықты ту етіп, татулықта ұйысып өмір сүретін құтты қонысты табуда болды.

«Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деп Елбасымыз атап көрсеткендей тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде жатыр. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет болып табылады.

Тарихи құндылығымыз болған тәуелсіздік идеясының негізінде сол ұлттың тағдыры, ұлы тұлғалардың ерен еңбегі жатыр. Тәуелсіздіктің бабаларымыздың сан ғасырғы арманымен келгенін Елбасымыз әрдайым қазіргі ұрпақтың есіне салып отырады:

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негіздемесі жеті негізгі мемлекет құраушы жалпы ұлттық құндылықтар болып табылады.

1. Тәуелсіз Қазақстан және Астана

Астана – тәуелсіздіктің алғашқы сәтті жетістіктерінің бірі, барлық қазақстандықтардың патриоттық мақтанышы. Халық жұмылып тұрғызған Астана барлық өңір үшін дамуға күшті түрткі болды, барлық қазақстандық экономиканың локомативіне айналды.

2. Ұлттық бірлік, қоғамымыздағы бейбітшілік пен келісім
Қазақстандық қоғамдағы этносаралық келісім Ата заңда және басқа да Заңдарда берік бекітілген. 1995 жылы Қазақстан халықтарының Ассамблеясы – азаматтық бейбітшілік пен келісімнің бірегей институты, жалпы қазақстандық бірлік негізі құрылды. Халқымыздың қоғамдық келісімі мен жалпы ұлттық бірлік, барлық азаматтардың этникалық, діни, нәсілдік тиістіліктеріне және өзге де өзгешелектеріне қарамастан тең құқықтығы – әркімнің және барлығының табысы мен лайықты өмірін білдіретін тұрақты шоғырландырылған фактор. Қазақстан Республикасының әр азаматының патриоттық борызы – Қазақстанның халықтарының достық пен келісім дәстүрін сақтап, ұлғайтып, ұрпақтан ұрпаққа беру.
3. Зайырлы қоғам және жоғары рухандырушылық
Біздің еліміз әлемдік қауымдастықта рухани әлем мен келісімнің оң үлгісі ретінде қабылданады. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің зайырлы сипаты экономикадағы өрлеудің, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениеттің ұлттық жүйесін табысты дамытудың ең маңызды шарты.
4. Индустрияландыру және инновация негізінде экономикалық өсу
Экономикалық өсу – бұл біздің ең маңызды міндетіміз, мұның шешіміне Қазақстанның өңірлік және жаһандық бәсекеге қабілеттілігі тәуелді. Біздің басты міндетіміз – өндірісті, білім мен ғылымды біріктіру, инновациялық-индустриялық кластерлерді дамыту. Сондықтан елімізде ғылым саласының шешуші реформалары, білім беру жүйесін жаңғырту жүргізілуде, техникалық және кәсіби мамандарды даярлаудың жаңа тиімді жүйесі жасалды.
5. Жалпыға бірдей еңбек қоғамы
Жалпыға бірдей еңбек қоғамы – қазақстандықтарды әлеуметтік жұмыспен қамтудың ең маңызды шарттарының, қазақстандық отбасылар табысының тұрақты өсуінің, өмір сапасын тұрақты жақсарту, барлық қазақстандық еңбекшілердің шығармашылық және өмірлік әлеуеттерін толықтай ашу кешені. Еңбек өнімділігін арттыру – өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, энергетикада, инфрақұрылымдық қызмет салалары мен секторларында, мемлекеттік және корпоративтік басқару жұмыс атқаратын барлық патриоттардың үлкен еңбегі.
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы
Туған жеріміздің тарихында бірнеше мыңжылдықтар бар, оның беттерінде ата-бабаларымыздың ұлы істері сақталған. Қазақ халқының тарихы – бұл бірігу тарихы. Тек бірлікті сақтай отырып қана, қазақтар бірегей мәдени-өркениеттік кодқа, ортақ тілге және дәстүрге ие халық ретінде сақталып қалды. ХХІ ғасырдағы мемлекеттік тілдің мақсаты, міндеті және тағдыры – Қазақстан халықтарының ортақ тілі болу. Әр нағыз патриоттың парызы – мемлекеттік тілді білу және отандастарымызға оны меңгеруге көмектесу. Сонымен қатар, Қазақстандағы барлық ұлттың тілдерін дамыту үшін жағдай жасау, үштілділік принципін енгізу де маңызды.
7. Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жалпы әлемдік және өңірлік мәселелерді шешуге ғаламдық қатысуы — мемлекетіміздің белсенді, теңдестірілген, сындарлы және жауапты ішкі саясатының басты мәні.

Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі.

«Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Қорыта айтқанда, Қазақ елінің арғы ата-бабалары болып саналатын «Мәңгілік ел» құру жолындағы ұлы қайраткерлері мен ұлы ойшылдары сонау біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген Сақ, Ғұн дәуіріндегі қаһарман басшылар Алып Ер Тоңға (Афрасияб), Еділ патша (Атилла), Түркі қағанаты дәуіріндегі Бумын қаған және оның ұрпақтары Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөктер, Оғыз дәуіріндегі мәңгілік өлмейтін мұра қалдырған Қорқыт атаның, әлемнің ұлы ойшылы, екінші ұстазатанған Әл Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі, Қазақ хандығы дәуіріндегі Асан қайғының Жерұйық идеясы, жалпы мемлекетшіл әдебиеттің өкілдері хандардың ақыл-кеңесшісі жыраулар мұрасы, ХІХ ғасырдағы ұлт азаттық көтерілістің қаһармандары Махамбет пен Исатай, Кенесары мен Наурызбайлардың ерлік істері, ХХ ғасыр басындағы Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының Алаш Орда мемлекетін құрудағы жанкештілігі Қазақ елін Мәңгілік Ел қылудағы асыл мұраттарының Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұсында тарихи сабақтастықпен ұлы идеяның іске асуы тарихи заңдылық деп түсінеміз. Осы ұлы идеяның жүзеге асуына бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан Үкіметінің басқару жүйесіндегі бабалардан жалғасып келе жатқан дәстүрдің озық үлгілерін берік ұстанып, Мемлекетіміздің тұрақтылығы мен дамуына жол ашады. Елбасының қазіргі билік өкілдеріне қоятын басты талаптарының бірі осы дәстүрлі жолды ұстанып, әлемнің ел басқарудағы жаңаша үлгілерімен мемлекетімізді гүлдендіру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан. – 2014 жыл, 18қаңтар.
- 2.Тоғжанов Е. Мәңгілік Ел – Болашағы Біртұтас Ұлт. //Егемен Қазақстан.-2016 жыл, 23 сәуір.
- 3.«Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан.- 2017 жыл 31 қаңтар.